Әділет

## 2010 жылға арналған Уәлиханов ауданында төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 3 желтоқсандағы N 215 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 10 желтоқсанда N 13-13-115 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі N 97 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық әкімдігінің 2010.04.07 N 97 Қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 31-бабы 1-тармағы 13) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңы 7-бабы 5) тармақшасына, 20-бабы 5-тармағы 2) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес қоғамдық жұмыстардың түрлері (бұдан әрі-тізбе) бойынша ұйымдардың тізбесі, түрлері, көлемдері және еңбекақы мөлшері бекітілсін.

2. «Уәлиханов ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі қоғамдық жұмыстарды өткізуге аудан бюджетінде қаралған қаражаттың шегінде бекітілген тізбеге сәйкес қоғамдық жұмыстарға жұмыссыз азаматтардың жіберуін жүзеге асырсын.

3. Тізбеге енгізілген ұйымдар көлемдері және түрлері бойынша бекітілген тізбеге сәйкес жұмыссыздардың қоғамдық жұмыстарға тартылуын қамтамасыз етсін.

4. «Уәлиханов ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі 451-002-100-149 «Жұмыспен қамту бағдарламасы. Қоғамдық жұмыс» бюджеттік бағдарлама бойынша қоғамдық жұмыстарда істейтін жұмыссыздардың еңбекақысына бөлінген қаражаттың уақытылы төлеуін қамтамасыз етсін.

5. Мыналардың күші жойылсын деп танылсын:

1) «Уәлиханов ауданының мекемелерінде ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» аудан әкімдігінің 2007 жылғы 16 мамырдағы

№ 90 қаулысы (2007 жылғы 28 мамырында мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-13-50 тіркелді, 2007 жылғы 09 маусымда № 24 «Шұғыла» газетінде жарияланды);

2) «Уәлиханов ауданының мекемелерінде ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» аудан әкімдігінің 2007 жылғы 16 мамырдағы № 90 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» аудан әкімдігінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 48 қаулысы (2009 жылғы 05 мамырда мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-13-101 тіркелді, 2009 жылғы 18 мамырда № 20 «Шұғыла» газетінде жарияланды).

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Р. Ахметоваға жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған мерзімнен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі Е. Уәхитов*

«Бекітілген»
аудан әкімдігінің
2009 жылғы 3 желтоқсандағы
№ 215 қаулысына қосымша

## Қоғамдық жұмыс түрлері, еңбекақы төлеу мөлшері, көлемі және мекемелер мен ұйымдардың тізімі

| № р/р | Жұмыс түрлерінің аттары | Кәсіпорындар атауы | Жұмыс орны | Уақыт мерзімі | Тарифтік Коэфф |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Аудандық елді мекендер аумағын жинастырып, үлгілі тәртіпке келтіру жөнінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдарына көмектесу. | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігінің аппараты | 5 | Жыл бойы | 1,49 |
| 2 | Жол құрылысы және жөндеу, су жүйесін, газ құбырын, арналық және басқа да коммуникациялар тарту, қайрақ тастар және жол жиегі тастарын төсеу, сондай-ақ осы жұмыстар үшін қажетті материалдар және қосалқы (құрылыстық кірпіш, қиыршық тас, плиталар, құм ж.басқалары) материалдар дайындау. | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігінің аппараты | 8 | Жыл бойы | 1,59 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Елді мекендерде жолдарға ағымдағы жөндеу жұмыстары (ор және шұңқырларды қажетті материалдармен бітеу, өткел салу, кіріс жолдарын жөндеу. | | | | |
| 3 | Суландыру жұмыстарын, сондай-ақ көктемгі-күзгі су тасқындарына байланысты жұмыстар жүргізу | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігінің аппараты | 5 | Наурыз-мамыр, қыркүйек-қараша | 1,59 |
| 4 | Құрылысқа, қайта құруын жаңғыртуға және тұрғын үйлерді жөндеуге қатысу. Әлеуметтік, мәдени мәндегі (мәдениет үйлері, денсаулық сақтау объектілері (ауруханалар, фелдшерлік-акушерлік пунктер) коммуналдық меншік болып табылатын білім беру жүйесіне, егерде осы мақсатқа жергілікті бюджеттерден қаржы бөлінбесе немесе объектілерді тиісті дәрежеде ұстап тұруға жеткіліксіз бөлінсе селолық округтер әкімдерінің және басқа да бюджеттік ұйымдардың аппараттары үшін жалға алынған үйлерді | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігінің аппараты | 10 | Жыл бойы | 1,59–1,70 |
| 5 | Тарихи–архитектуралық ескерткіштерді, кешендерді және қорықтық аймақтарды қалпына келтіруге | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігінің аппараты | 2 | Жыл бойы | 1,59 |
| 6 | Аймақты экологиялық сауықтыруға (көгалдандыру, абаттандыру, көріктендіру (ағаш отырғызып, араларын шаруашылықтардың, орман, парктерін, демалыс өңірлерін және туризм аймақтарын | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігінің аппараты | 50 | | 1,59 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамытуға, қаңғыбас иттерді аулауға). | | | Жыл бойы | |
| 7 | Мемлекеттік мерекелерге арналған спорттық шараларды, мерей–той салтанаты мен шараларды әзірлеуге, мұның ішінде мұз қалашықтарын салуда қосалқы жұмыстар атқаруға қатысу | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігінің аппараты | 10 | Жыл бойы | 1,59 |
| 8 | Тұрақты тұрғылықты мекен-жайы бойынша халықты құжаттандыру мен тіркеуін техникалық қамтамасыз ету | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігінің аппараты | 1 | Жыл бойы | 1,43 |
| 9 | Республикалық және аймақтық қоғамдық науқандарды жүргізуге қатысу (қоғам пікірін сұрау–сауалдама, халық санағы, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша статистикалық зерттеу) | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігінің аппараты | 6 | Жыл бойы | 1,43 |
| 10 | Тұрғындардың аз қамтамасыз етілген жіктеріне, топтарына және жалғыз басты қарияларға, жаңадан келген оралмандарға, сондай–ақ коммуналдық меншіктегі кәсіпорындарға және ауданның әлеуметтік–мәдени тұрмыстық объектілеріне отындық ағаш, мал азығын дайындауға, көмір жеткізіп беріп, түсіруге көмектесу | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігінің аппараты | 10 | Жыл бойы | 1,49 |
| 11 | Үй шаруашылығы санағына және шаруашылығы санағына және шаруашылық кітабын толтыруға көмектесу | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігінің аппараты | 7 | Жыл бойы | 1,43 |
| | Маңызды әлеуметтік–мәдени мәндегі объектілеуге, сондай–ақ аудан әкімінің | Селолық (ауылдық) округтері | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 12 | коммуналдық меншігіндегі бос тұрған құрылыс–жайларды күзетуге | әкімдігінің аппараты | 4 | Жыл бойы | 1,49 |
| 13 | Шалғайдағы елді мекендерде тұратын тұрғындарды құжаттандыру жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарына уақытша көмек көрсету (тұрғындарды төп құжаттандыру үшін қажетті құжаттарды жинауға және толтыруға көмектесу) | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігінің аппараты | 3 | Жыл бойы | 1,43 |
| 14 | Селолық елді мекендерде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде құқық қорғау органдары жасақтарына қатысу | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігінің аппараты | 15 | Жыл бойы | 1,43 |
| 15 | Балалар-жасөспірімдер клубтары арқылы балалардың, жасөспірімдердің, жастардың демаласын ұйымдастыру жөнінде (мерекелік және мерейтойлық күндегі әзірлік) бірреттік жұмыстар жүргізу | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігінің аппараты | 5 | Жыл бойы | 1,68 |
| 16 | Саябақтар мен бау-бақшаларды көріктендіру және қорғау (жеке меншік объектілерінен басқа) | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігінің аппараты | 7 | Жыл бойы | 1,49 |
| 17 | Зираттарды абаттандыру, көң-қоқыс төгетін орындарды жинастыру, мұның ішінде қалдықтарды жинауды ұйымдастыру | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігінің аппараты | 3 | Жыл бойы | 1,59 |
| 18 | Бюджеттік ұйымдар мен мемлекеттік мекемелерде жылыту маусымы кезеңінде пеш жағушы ретіндегі жұмыс | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігінің аппараты | 3 | Жыл бойы | 1,49 |
| | Сырқат жалғыз басты қарт адамдарға күтіп жасау (азық-түлік, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 19 | дәрідәрмек сатып әперу, үй-жайды жиыстыру, бөлмелерді әктеу, еден сырлау, кір жуу, жеміс-көкөніс отырғызу, олардың арамшөптерін отау | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігі нің аппа раты | 3 | Жыл бойы | 1,43 |
| 20 | Иесіз қалған жылжымайтын мүліктерді анықтауға уақытша көмектесу | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігі нің аппа раты | 2 | Жыл бойы | 1,59 |
| 21 | Оралмандарды қабылдау мен жайғастыру жөніндегі тапсырмаларды орындау | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігі нің аппа раты | | Жыл бойы | 1,43 |
| 22 | Іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге көмек көрсету | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігі нің аппа раты | 2 | Жыл бойы | 1,43 |
| 23 | Құжаттарды баптауға және сактауға көмек көрсету | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігі нің аппа раты | 2 | Жыл бойы | 1,43 |
| 24 | Қамту сұрақтар бойынша және мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау үшін қажетті мәліметтерді даярлауға көмек көрсету | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігі нің аппа раты | 2 | Жыл бойы | 1,43 |
| 25 | Аз қамтамасыз отбасылардын балаларына ыстық тамақ даярлауға асхананың жұмысы | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігі нің аппа раты | 12 | Жыл Бойы | 1,39 |
| 26 | Тұрғындарға жедел қызмет көрсету, сапасын жақсарту, салық төлеу жөніндегі хабарлауды тапсыру мақсатында дерек базаларын қалыптастыруға көмек көрсету | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігі нің аппа раты | 30 | Жыл бойы | 1,39 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 27 | Ауданның Мәдениет үйі ғимаратында ішкі тәртіпті сақтауға көмек көрсету (гардероб жұмысы жөнінде) | Селолық (ауылдық) округтері әкімдігінің аппараты | 2 | Жыл бойы | 1,39 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК